

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Шал ақын ауданы білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Социал негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сыйбайлас жемқорлықты болдырмаудың алдын алу жұмыстары бойынша аналитикалық анықтама

Бұғынгі таңда сыйбайлас жемқорлық заманауи қоғамның өзекті мәселесі болып табылады. Ол үнемі терең зерттеуді, белсенділікті және оған қарсы тұруды қажет етеді. Осыған орай сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, оның алдын алу шаралары жүйелі түрде жүзеге асырылады. Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жұмыс тобы құрылды. 2022 жылы 1 қаңтарынан 1 сәуір аралығында Социал негізгі мектебінде жемқорлықтың тәуекелдері бойынша ішкі талдау «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы 2015 жылғы 18 қараашадағы Заңына ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандығы № 12 бүйрүғы мақсатында бүйрүқ шығарылып, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша ішкі талдау жүргізілді.

Мекеме өз қызметінде Қазасқстан Республикасы Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндettі стандарты, өзге де нормативтік құжаттарды басшылыққа алды.

Сыйбайлас жемқорлықтың тәуекелдері бойынша ішкі талдау барысында төмендегілер анықталды.

1. Мекеменің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері 2022 ж қаңтар айынан сәуір айына дейін «Шал ақын ауданының Социал негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметінде жемқорлықтың тәуекелдері бойынша талдау нәтижелерінің аналитикалық анықтамасына сәйкес білім беру саласындағы заңнамасында және еңбекақы төлеу жүйесінде сыйбайлас жемқорлықтың тәуекелдері анықталмады.

Мектептің жарғысында, сондай-ақ басқа да нормативтік құқықтық актілерде жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Сыйбайлас жемқорлықтың ішкі тәуекелдерін болдырмау мақсатында:

- Педагог қызметкерлерді анықтау
- Мемлекеттік білім беру тапсырмасын орындау
- Білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтер
- Қамқорлық кеңестер қызметін ұйымдастыру бойынша жұмыстар атқарылуда .

2. Мекеменің ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері. Ишкі талдау барысында персоналды басқару саласында, соның ішінде жоғары кәсіби қуәландыратын құжаттар (дипломдар) тексеру барысында барлық қызметкерлер тиісті саланың нормативтік құқықтық актілерінде белгілі біліктілік талаптарына сәйкес келетіндігі анықталды.

Барлық қызметкерлердің жеке істерінде Қазақстан Республикасы бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің ақпараттық жазбалары бойынша сottaлғандардың жоқтығы туралы анықтамалары бар екендігі анықталды.

Сонымен қатар «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес тиісті талдау жасалынып отырады. Мектеп қызметкерлерінің қатысуымен өткізілетін жиналыс жиындарда «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Заңды еңбек тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде үнемі ескертіледі. Мектепте «Сенім жәшіктері» жұмыс жасайды.

Құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында оқушылар мен ата – аналарға арналған мектептегі теріс әрекеттер, үрлау және күшпен ақша алу жағдайларын кездестіре, оқушылар өз ескертулерін жасап өтініштерін хат жазу арқылы білдіретін арнайы «Сенім жәшігі» қойылған. Бұл жәшікке келіп түсken өтініштер мен үзіншіліктер мен

алынып қаралады. Мектепте ата – аналармен онлайн түрде ақша жинау туралы фактілерінің орын алуын болдырмау мақсатында мұғалімдермен, сынып жетекшілермен үнемі түсінік жұмыстары жүргізіліп отырады. Әлеуметтік ұстаз Калиев Е.Д 5- 9 сынып оқушыларының арасында әңгіме өткізіп және мектеп оқушыларының арасында бопсалауды болдырмаудың алдын алу мақсатында сауалнама жүргізіп, қорытындысын шығарды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру – өскелен ұрпақ тәрбиесімен байланысты. Мектепте «Адал ұрпақ» еріктілер клубы жұмыс жасайды. Бұл мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру бағдарламасы болып табылады. Осы клуб жұмысы бойынша «Парасатты азамат» бұрышы ұйымдастырылды. 5-9 сыныптар арасында « Жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында плакаттар сайысы болды. «Жемқорлықсыз қоғамға қадам» тақырыбында 5-9 сынып арасында дебат өткізілді. « Сатылмайтын еңбек бейнесі» тақырыбында 5- 9 сыныптар арасында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Мектебімізде сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың алдын алу мақсатында көптеген әр түрлі іс шаралар өтіп тұрады.

«Шал ақын ауданы әкімдігінің білім бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Социал негізгі мектебінде мекеменің қызметін қозгайтын нормативтік құқықтық актілерде және ұйымдастырушылық басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдері анықталмады».

Калиев Ерхан Даниярович – әлеуметтік ұстаз
Аубакирова Жанажан Нуржановна – кәсіподақ ұйымы
Мусин Сакен Жаркынович - тарих пәні мұғалімі
Баянтаева Лаззат Мейрамовна – іс-жүргізуши

АМУ –
Басқару –

Мектеп директорының м.а: А.Н Сакашова

